# Шерхан Мұртаза
# “Бесеудің хаты”

***Сабақтың мақсаты:*** *Әдеби мұрасы,өзі туралы мәліметтерін толықтыру,шығармаларының тақырыбы мен идеясын ашу, түсіне талқылау. Сатылай кешенді талдау үлгісімен талдау.*

***Күтілетін нәтиже:*** *Оқушылардың өз бетімен ізденіп оқуы мен шығармашылық дағдылары қалыптасады.*





# Қызығушылықты ояту



Сұраймыз бұл апатқа кім кінәлі,
Мылтықсыз қырып салған барша жанды
Кейбіреу құрып кетті ұрпағымен
Кім төлейді жазықсыз аққан қанды?!



Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты драмасына арқау болған — ел басына түскен азапты күндер, қолдан жасалған аштықтан қырылған екі миллион халықтың тағдыры. Драматург сол кездегі өкімет басшыларымен, оның қасындағы жандайшаптардың бейнесіне жан бере суреттейд



«Бесеудің хаты» - жазушы Ғабит Мүсіреповтің өзінің саналы ғұмырындағы халқы үшін жасаған бірінші ерлігі еді.



**Қасіретті қолдан жасап отырған Сталиннің теріс саясатын, сыра сілтеп отырған Голощекиннің көрсоқырлығын жазушы Ғ.Мүсірепов (негізгі кейіпкер) ашына жеткізеді.**



# Сабақ кезеңдері:



1. “Ыстық орындық” әдісі
2. Ізденіс жұмыс
3. “Түртіп алу” стратегиясы
4. «Тапқыр болсаң, тауып көр»
5. «Ортадағы қалам»
6. Сергіту сәті.
7. «Сөз сандық» әдісі
8. «Авторға хат» РАФТ әдісі бойынша
9. Рефлексия

«Мәнді сұрақ, толық жауап»

# “ Ыстық орындық “

**“ Оқушы – оқушы ”, “ Мұғалім - оқушы**



# “Түртіп алу” стратегиясы

**I топ.**
**Композициялық талдау**

**II топ.**
**Сталин, Голощекин бейнесі.**
**Қайсысы мықты?**

**III топ.**
**Қай кейіпкер қоғамға зиянырақ?**

**IV топ.**
**Қай кейіпкер қоғам жанашыры?**

# «ТАПҚЫР БОЛСАҢ, ТАУЫП КӨР»

| Кейіпкер сөзі<br>*I топ* | Сталин | Голощекин | Мүсірепов | Нұрхан | Құрамысов |
|---|---|---|---|---|---|
| Неге біз жағдайды Қазақстандағы Голощекиннен емес, Москвадағы Рысқұловтан білеміз? | + | | | | |
| Немен тынарын біліп болмас. Үнсіз қалу да жарамас | | | + | | |
| Ол жазушысымақ неге кешігеді? Айттың ба тез жет деп? | | + | | | |
| Атылады! Сотқа беру керек! | | | | | + |
| Совнаркомға отырғызып, желкемізден қыдыңдатып қоймай, былай нетуге болмай ма? | | + | | | |
| Бізге солқылдақтық жараспайды. Сонымен, коллективизвһацияны тездетесің ғой? | + | | | | |
| Ал, сіз саяси авантюрист адамсыз. | | | + | | |
| Құп болады, Филипп Исаевич! Мен қазір. | | | | | + |
| Киіз туырлықты, қыл құйрықты ел едік. Ешкімге залалымыз жоқ еді. | | | | + | |
| Әлгі лағнат шиебөрілер бекер шулап жүрген жоқ. | | | | + | |

| Кейіпкер сөзі **II топ** | Мүсірепов | Голощекин | Балым | Иванов | Хұсни |
|---|---|---|---|---|---|
| Мені Крайкомға қызметке алыңдар деп мен арыз бермеген сияқтымын | + | | | | |
| Не деп кеттіңіз, Филипп Исаевич? Құдай үшін, қиянат жасамаңыз! | | | | + | |
| Енді түсіндіңдер ғой жаудың қайдан шыққанын? | | + | | | |
| Халқы үшін шырылдаған қарлығаш жанды ұл екенсің. | | | + | | |
| Түн ішінде хауіпті, бит. Қаңғыбастар қаптап жүр көшеде. Мен бірге барайын. | | | | | + |
| Жердің астына кіріп кетсең де таптырып алады | + | | | | |
| Жалқау оңбағандарды маңдайынан сипауым керек пе сеніңше? Аяғыма оралды, аяғымы ажыратып алғаным рас. Тепті дегенің тағы жала. | | + | | | |
| Е, шырағым, рораза-намаз тоқтықта деген. Батыр туралы әңгіме шертіп, кітап жазар кез бе бұл? | | | + | | |
| Жат пиғыл жоқ қой, жан ашыған пікірі үшін қалай жазалаймыз? | | | | + | |
| Жалғыз сен батыр болып кімді шабасың. Барма. | | | | | + |

| Кейіпкер сөзі<br>**III топ** | Голощекин | Сталин | Жантоқов | Исаев | Елеусіз |
|---|---|---|---|---|---|
| Іштен шыққан жау жаман. Қаскөйлер өз ішімізден шығып отыр. | + | | | | |
| Білеміз. Ондай-ондай асулардың талайын ауыздықтағанбыз. | | + | | | |
| Бәрі де  пантюркистер. Атылсын! | | | + | | |
| Астафыралла! Сонда бұл өзін Исамын деп тур ма? | | | | | + |
| Олардың хатын мүлде жала деуге келе ме екен? | | | | + | |
| Мен өз ұсынысымнан, өз талабымнан қайтпаймын. | + | | | | |
| Ғабит шырағым, оның қалай? | | | | | + |
| Қарғыс атқан сонау бір өткен күндерді есіме алғым келмейді. | + | | | | |
| Рысқұлов – пантюркист! | | | + | | |
| Ендеше, түгел алып қой қолыңдағыны. Ал! Тартып жібер, Туруханның тарланы! | | + | | | |

| Кейіпкер сөзі<br>**IV топ.** | Сталин | Голощекин | Құрамысов | Қарабаев | Мүсірепов |
|---|---|---|---|---|---|
| Неге сонша үрпие қалдың? Онан да мейманға шәй бер. | | | | | + |
| Жау бар дйді. Не істеу керек дейді. | | | + | | |
| Оның саған да, Қазақстанға да қатысы жоқ. Қарқынды үдете түс! | + | | | | |
| Өзі, соқтығыса беретін. Голощекин Қазақстанды құртып жатыр деп байбаламдайды да жүреді. | | + | | | |
| Үшіншісі – РСФСР Совнаркомына, Тұ рысқұлов жолдасқа жіберілмек болған. | | | | + | |
| Иса пайғамбарды Иуда деген сатып кеткен. Соны айтады. | | | + | | |
| Неге құрбан болуға тиіспін? Шындықты айтып, бюроға ашықтан-ашық мәселе қойғаным үшін бе? | | | | | + |
| Жә, ақыл үйретпе. Кабинетшіл демекшісің ғой. Көрер ем, менің орнымда болсаң... | | + | | | |
| Айтшы, Голощекин, қазақтар қандай халық? | + | | | | |
| Не амал, сені ажалға қимай ақ қоюға болар еді. Бірақ сен түзелмейсің. | | + | | | |

# “Ортадағы қалам”



# Сергіту сәті

*Аю отыр партада*
*Екі қолы қалтада*
*Апай сабақ сұраса*
*Ұйықтап қалды, масқара!*







# “Сөз сандық” әдісі





- **Шерхан Мұртазаға** хат жолдау (авторға хат жазады)



# РЕФЛЕКСИЯ «МӘНДІ СҰРАҚ, ТОЛЫҚ ЖАУАП»



# Үйге тапсырма

## “Елім-ай” тақырыбына шығарма жазу







*I топ. «Дәуір шындығы. Тарихи және көркем шындық». 4 сұрақтан сұхбаттасудың үлгісін көрсету*

*II топ. «Кіші қазан төңкерісі» тудырған трагедия негізгі тақырыптары туралы сызба дайындап, түсіндіріп беру.*

*III топ. «Қазақ даласына қырғын қалай келді?!»*

*IV топ.“Бесеудің хатында” қамтылған негізгі мәселелер*



It's because they are looking at you.